

**«6D10300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша
«философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Касымова
Гулжайна Куралбаевнаның «E-learning білім беру жүйесі негізінде
студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу студенттердің интеллектуалды мүмкіндіктеріне бағытталған қашықтықтан оқытуды қарастыратын Болон декларациясының талаптарын ескере отырып жүргізілді. Заманауи білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру әдістемесіне сүйенбей, университетте студенттерді оқыту процесі нәтижесіз болады. E-learning білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін білім беруде қолдану оқытуды дараландыру принципін ескере отырып, кез-келген қолайлы уақытта қажетті ресурстарға қосыла алатын студенттер мен оқытушылар арасындағы жедел қарым-қатынасты жеңілдетеді. Қазіргі заманғы білім берудің маңызды шарттарының бірі - виртуалды шындықты оңтайландыру және әлемдік деңгейде ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге қол жетімділікті арттыру.

Электрондық оқыту жүйесі негізінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыру мәселесін зерттеу жаңашылдығымен ерекшеленеді және Гулжайна Куралбаевна Касымова бұл мәселені зерттеуге әдіснамалық тұрғыдан негізделген, тиімділікке қол жеткізуді қамтамасыз етіп теориялық және эмпирикалық әдістер жиынтығы, нақты анықталған зерттеу міндеттерін іске асыруға кезеңдік тәсілдерді ұсынды.

Жеке тұлғаның танымдық құзыретін қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілдерін талдау негізінде оның мәні, құрылымдық компоненттері, деңгейлері, өлшемдері, көрсеткіштері анықталды.

E-learning білім беру жүйесі негізінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі негізделіп, жобаланған.

E-learning білім беру жүйесі негізделген когнитивті құзыретті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін эксперименттік тексеру «Мониторинг және педагогикалық өлшеулердің сценарийлері» (Monitoring and pedagogical measurements. Applied Learning Scenarios. М 81. Almaty, Kazakhstan: Abai Kazakh National Pedagogical University, 2020. – Pages 114. ISBN 978-601-298-812-3) электрондық оқулықты әзірлеу кезінде жүргізілді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы: «Тіл феноменальды нейробиологиясы» атты авторлық бірлесткте монография жарыққа шықты (Калуга мемлекеттік университеті, Ресей, 2018).

Сонымен қатар, Г.К. Касымова ғылыми тағыламдаманы Линцтегі (Австрия) білім беру университеті, Берген университеті (Норвегия), Джогакарта мемлекеттік университеті (Индонезия) мен Хайделбергтегі педагогикалық университеті (Германия) аясында өтті.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығы ізденушінің жұмысы бойынша жарияланымдарының сәйкестігімен дәлелденеді. Г.К.Касымованың 2017-2020 PhD бағдарламасы барысында 60-тан аса ғылыми мақалалары жарық көрген. Олар Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus пен Clarivate Analytics мәліметтер базасына енгізілген ғылыми басылымдарда жарияланды. Сонымен қатар, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларға қатысты.

Касимова Гулжайна Куралбаевнаның «E-learning білім беру жүйесі негізінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес аяқталған зерттеу болып табылады және автор «6D10300- Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық. Сізден Г.К. Касымованы қолдауыңызды сұраймын.



Абай атындағы ҚазҰПУ
Ғылыми кеңесші,
п.ғ.д. профессор



Сангилбаев О. С.

12.01.2021